

- также можно отнести к проблеме неправильное определение размера госпошлины с исковых заявлений об истребовании имущества из чужого незаконного владения. Единственным решением тут является соблюдение норм гражданского процессуального и налогового законодательства;

Обеспечение единства судебной практики рассмотрения дел является одной из приоритетных задач судебной системы. Поэтому очень важно проводить изучение судебной практики по делам указанной категории в целях обеспечения прав и свобод участников процесса при рассмотрении дел, а также выявления и исследования проблемных вопросов, имеющих в правоприменительной практике по рассмотрению гражданских дел, выработка действенных и необходимых предложений и рекомендаций. Все это улучшит наше отечественное законодательство и повысит качество отправления правосудия.

Список использованных источников

1. Конституция Республики Казахстан
2. Гражданский кодекс Республики Казахстан от 27 декабря 1994 года № 268-ХІІІ 3.
- Закон Республики Казахстан от 16 апреля 1997 года № 94 «О жилищных отношениях» 4.
- Методические указания по выполнению практических работ по дисциплине «Вещное право: основные проблемы теории и практики», 2021
5. Анализ-обобщение судебной практики рассмотрения судами Республики Казахстан гражданских дел, 2016
6. Судебный акт 2021 года
7. Интернет-источник: <https://kitaphana.kz>
8. Майоров В. – «Виндикационный и негаторный иски», выпуск №4 (474) - Гражданский процесс

УДК 347.94

АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕГІ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР

Мұхтарбек Әсел Маратқызы

amukhtarbekk@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, азаматтық, еңбек және экологиялық құқық кафедрасының «Желілік заңгер» мамандығының студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- з.ғ.к., доцент м.а. Б.Жусипова

Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың қатарында биліктің дербес саласы ретінде Соттың мәртебесі мен оның орны айрықша екендігін ескере отырып, Мемлекет басшысы үнемі әрбір азаматтың мүдесін қорғауда жаңашылдықты талап етеді.

2021 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан үшін заманауи цифрлық технологиялар трансферті,

Индустрия 4.0 элементтерін енгізу айрықша маңызды. Мемлекеттік сектордың барлық IT технология платформасына негізделеді» делінген [1].

Қазақстан Республикасының құқықтық саясаттың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы Жарлығына сәйкес, сот қызметін жетілдірудің басым бағыттарының бірі сот жүйесінің ашықтығы мен айқындығы деңгейін арттыру болып табылады [2]. Демек, сот жүйесін жаңғыртуға бағытталған бірқатар шаралар қабылданды. Сол секілді құқықтық мемлекеттің маңызды шарты әділ сот төрелігі де IT технология платформасын қолданудың тетіктерін жан-жақты негіздеп, сот жүйесінде электронды сот ісін жүргізу саласында жаңашылдықтар орын алды. Осындай бағыттардың бірі- сот отырыстарының залдарын бейнеконференц-байланыс арқылы қашықтықтан сот отырыстарын өткізу мүмкіндігімен аудио-бейне тіркеу техника жүйелерімен жабдықтау болып табылады.

Қазақстанда азаматтық процестік заңнамаларда коронавирустық пандемия төтенше жағдай кезінде соттардың жұмысын регламенттейтін норма болмаса да, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау үшін сот билігі сот ісіне қатысушылардың денсаулығын сақтау туралы шешімін табуға тырысты, яғни соттардың (онлайн) қашықтықтан сот ісін жүргізуде техникалық байланыс құралдарын қолдану арқылы жүзеге асырылды, мысалы онлайн-сот ісін жүргізу сот талқылауының электрондық хаттамасын тіркеу т.б. электронды сот құжаттарын оның ішінде электронды дәлелдемелер қалыптастырды.

Электрондық сот ісін жүргізудің платформасы ақпараттық сервис «сот кабинеті» құрылды, яғни аталған платформа сот төрелігіне қолжетімділік, ашықтық принциптерге негізделіп, кез-келген азаматтың уақытын үнемдеп, интернет желісі арқылы үйден, жұмыс орнынан шықпай-ақ өзі сотқа талап арызды беруге, мемлекеттік баж төлеуге, сот шешімін алуға т.б электронды құжаттарды алуға мүмкіндіктер туды. Сонымен қатар соттардың да сот өндірісінде тез әрі жылдам азаматтық істерді шешуге және ақпараттық мәдениетті қалыптастыруға септігін тигізді.

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, ақпаратты жазу мен берудің заманауи әдістері адам қызметінің барлық салаларына әсер етеді, сонымен қатар азаматтық істер бойынша дәлелдемелер базасына әсер етеді.

Қазіргі уақытта «Интернет» ақпараттық- телекоммуникациялық желісінің дамуын ескере отырып, электрондық дәлелдер ерекше мәнге ие, көбінесе электронды түрде бекітілген ақпарат сотқа дәлелдеу тақырыбына кіретін жағдайлардың болуын немесе болмауын анықтауға мүмкіндік беретін маңызды ақпаратты қамтиды.

Электрондық дәлелдер- дәлелдердің кез-келген түрінен оның айырмашылығы ақпараттың техникалық тасымалдаушысы арқылы жүзеге асырылу формасымен ерекшеленеді.

Заң шығарушы электрондық құжат нысанына қойылатын жалғыз талабы оның қолжетімділігін меңзейді. Сонымен қатар, ақпараттық технологиялар электрондық құжатты адамға қол жетімді түрге айналдыру кезінде біршама қиындықтарда туындауы мүмкін.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі (бұдан әрі- АПК) электрондық дәлелдемелерді жинау және ұсыну ерекшеліктерін белгілейтін нормаларды бекітпейді. Тиісінше, олар ұсынылуы мүмкін дәлелдемелер үшін маңызы бар нысандардың тізімін АПК-ның 99-бабына сәйкес көрсеткен, оларға жол берілетін аудио-бейнежазбалар, фото, киноға түсіру материалдары, электрондық және цифрлық жеткізгіштер жатады [3].

Сонымен қатар жазбаша дәлелдемелерге де жатқызылады, олардың электрондық құжаттар нысанындағы дәлелдемелер электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған көшірмелері, іс үшін маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді қамтитын актілер, құжаттар, іскерлік, жеке сипаттағы хаттар жатқызылуы мүмкін. (АПК 100-бабы)

Судья әрбір нақты сот дауларында тараптар ұсынған электрондық құжаты жол берілетін дәлелдемеге жатама, жоқ па, соны шешеді.

Мәселен АПК-ның 16-бабына сәйкес «Судья істегі дәлелдемелерді жиынтығында бейтарап, жан-жақты және толық қарауға негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайды, бұл ретте ол заң мен ар-ожданدى басшылыққа алады» Ережеден байқауға болады[3].

Сонымен қатар азаматтық процестік заңнамасында тараптардың талап арыз берген кезде өз талаптарын негіздеуге дәлелдемелерді бірге ұсыну көзделген.

Көптеген ғалымдар электрондық құжатты дәлелдеме түрі ретінде заңнамалық бекіту мәселесін қарастырды. А.В.Лаевскаяның ғылыми зерттеу еңбегінде «Электрондық дәлел көзінің құрылымында екі компонентті бөлу қажеттілігі туралы тұжырым негізделген: жазба және ақпараттың техникалық тасымалдаушысы. Жазба ақпараттың бір техникалық тасымалдаушысынан екіншісіне қайта шығаруға және беруге болатындығына байланысты электрондық дәлелдемелер көзінің негізін құрайды»[4,6]. Электрондық дәлелдеменің процестік нысанының бір бөлігі, техникалық ақпарат құралдарында жазылған жазбаларды адамның қабылдауы үшін қол жетімді түрге айналдыру болып табылады.

«Электрондық құжат» және «Электрондық құжат айналымы» анықтамаларына келетін болсақ, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтарда қабылданған «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Заңының 1-бабының 12 тармағында «электрондық құжат- ақпарат электрондық цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат» деген анықтама берген [5]. Сонымен қатар АПК-ның 133-2 бабында «Соттың, іске қатысатын адамдардың процестік актілері мен әрекеттері электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында рәсімделуі мүмкін»[3]. Демек жазбаша нысандағы құжаттармен теңестірілгендігін көруге болады, бұл электронды құжаттарды адамның компьютерді қолдана отырып, ақпараттық телекоммуникациялық желілер арқылы жіберуге немесе ақпараттық жүйелерде өңдеуге жарамды түрдегі құжаттары болуы мүмкін.

Біздің ойымызша, барлық сандық бейне, аудио материалдарды, әртүрлі форматтағы сандық кескіндерді, сондай-ақ деректемелері жоқ мәтіндік құжаттарды электрондық материалдарға жатқызған жөн. Қазіргі уақытта компьютерлік технологиялардың дамуына байланысты классикалық «қағаз» поштасы емес, электронды пошта оның ақысыз болуына, планетаның кез-келген нүктесінен хат жіберу мүмкіндігіне, жедел хабар алмасуға байланысты маңызды бола түсуде. Электрондық хат-алмасудың өзіндік ерекшелігі бар және азаматтық айналымда жиі қолданылады, бірақ осы уақытқа дейін ол егжей-тегжейлі құқықтық реттелінген.

Практикада сот азаматтық айналымға қатысушылардың хат жазысу, телефон арқылы сөйлесу, пошта, телеграф және өзге де хабарлар құпиясы принциптерін басшылыққа ала отырып, электрондық пошта мекенжайының атауын тексереді. Тараптар осындай жағдайлардан өзін қорғау үшін келісімшарттағы хат алмасу жүргізілетін электрондық пошта мекенжайларын жиі көрсетеді.

Қортындылай келсек, электрондық және цифрлық жеткізгіштердегі басқа да материалдарға электрондық хат алмасуды жатқызуға немесе АПК-ның 100-бабында көзделінген жеке сипаттарғы хаттар жазбаша дәлелдемелер ретінде танылуы мүмкіндік береді.

Біріншіден, электрондық хат алмасу белгілі бір адамнан келеді деп сенімді түрде айту үшін келісімшартта хат-хабарлама қандай электрондық мекенжайлардан жүргізілетінін қамтамасыз ету қажет. Егер шартта мұндай нұсқау болмаса, хат алмасу ұйымның немесе жеке кәсіпкердің сайтында ресми түрде көрсетілген мекен-жайдан басталуы керек немесе автордың аты-жөні туралы ақпарат болуы керек.

Екіншіден, электрондық хат алмасу материалдары сотқа скриншоттар немесе басып шығару түрінде ұсынылуы керек. Егер екінші тарап осы дәлелдемеге дау айтса не сот күмән

келтірсе, онда хат алмасу материалдарын нотариалды куәландыру немесе тексеру хаттамасы ретінде нотариуста ресімдеу қажет.

Осы аталған тұжырымдарымызды әрі қарай АПК-ға жазбаша дәлелдемелер ретінде енгізуге ұсыныстар деп санаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар-Ел өркендеуінің берік негізі» атты 2021 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. <https://www.akorda.kz>
2. Қазақстан Республикасының құқықтық саясаттың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы Жарлығы.// <https://adilet.zan.kz/>
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ.// <https://adilet.zan.kz/>
4. Лаевская А.В.Электронные доказательства в гражданском и хозяйственном процессе Республики Беларусь. Автореферат.к.ю.н.- Минск-2017-28с
5. Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтар N 370-II Заңы. <https://adilet.zan.kz/>

УДК 34

ПАРАЛЛЕЛЬНЫЙ ИМПОРТ В РОССИИ: РИСКИ ДЛЯ КАЗАХСТАНА И ДРУГИХ СТРАН ЕАЭС

Нурмагамбетов Жанат Амантаевич

znurmagambetov@bolotovip.com

Докторант 1 курса юридического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Научный руководитель – Г. Галиакбарова, PhD

В условиях санкционной политики западных стран, которая началась в марте 2022 года в отношении Российской Федерации (далее – РФ), Правительство РФ приняло Постановление от 29 марта 2022 года №506 «О товарах (группах товаров), в отношении которых не могут применяться отдельные положения Гражданского кодекса Российской Федерации о защите исключительных прав на результаты интеллектуальной деятельности, выраженных в таких товарах, и средства индивидуализации, которыми такие товары маркированы» [1]. Подобное решение России несёт в себе риски и для других участников ЕАЭС, так как между странами-участницами Союза, в первую очередь, декларируется обеспечение свободы движения товаров [2]. Это означает, что товары, попадающие в Россию в виде «параллельного импорта», могут в дальнейшем перемещаться между странами ЕАЭС, в том числе и в Казахстан.